

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ  
ТӨРАҒАСЫ Ж.Қ.АСАНОВҚА**

**Адвокат Нурболат Рахымжанович  
Мусакуловтан**

**А Л Ғ Ы С Х А Т Ы**

Мен Н.Р.Мусакулов Жамбыл облысы адвокаттар алқасының мүшесі ретінде, адвокаттық қызметпен айналысып келемін. Адвокаттық қызыметін Республикамыздың аймақтарында, соның ішінде Тараз қаласында көбінше атқарамын.

Адвокаттық қызметпен айналысып, Түркістан облысы Түлкібас аудандық сотында судья Болат Алтынбекұлы Турабайдың төрелік етумен өткен сот отырысында қатыстым.

Судья Б.А.Турабай азаматтық істі қараған кезде, істе болған және тараптар ұсынған дәлелдемелерді, жан-жақты толық қарап, өзінің ішкі сенімімен заңды және негізді шешімді қабылдағанына куә болдым.

Менің пікірім бойынша судья Б.А.Турабай судьялық лауазымында өзіне жүктелген қызмет міндеттерін дұрыс, заң деңгейінде жүргізе білетін, білікті маман. Себебі, ол азаматтық істі өз уақытында қарап, созбалаушылыққа салмай, заңда көзделген барлық құқықтар мен міндеттерді іске асыруға жағдай жасап, іс бойынша ұсынылған өтініштерді қарап, іске қатысы барын қанағаттандырып отыратынына көзім жетті.

Сондықтан, мен судья Б.А.Турабайды кәсіби заңгер деп санап, оған және Сізге өз алғысымды айтамын.

**Құрметті Жақып Қажыманұлы, Сіздің басшылығыңызда қызмет атқарып отырған судья Б.А.Турабайға зор денсаулық, сенімділік және қиын, бірақ сондай маңызды жұмысына сәттілік пен жетістік тілеймін! және тәжірибесі мен кәсіптік деңгейін ескере отырып, оны қызметтік міндеттің тиісті деңгейде атқарғаны үшін марапаттауыңызды өтінемін.**

**Құметпен Сізге!**

**Адвокат**

**Н.Р.Мусакулов**

28.12.2021 жыл